

КӨҢІЛ НАЗЫ


Сөзі: С.Мәуленов

Әні: Е.Хасанғалиев

Көңілді




Көк жүл - ды - зы ө - зің - нің көз нү - рын -



дай, та - лай ес - тіп жүр - сің ғой сөз - ді




мұн - дай құр - бы - м(ау). Жер си - яқ - ты әр уа - қыт



са - быр - лы бол, бұлт - ты ас - пан се - кіл - ді



тез құ - был - май. Ой - на, кү - нім, ой - на гү - лім,



жа - пы - рақ - тай жай - на - шы. Жап тер - бе - тер қай - да жы - рың,



сан - ду - ғаш - тай сай - ра - шы сан - ду - ғаш - тай сай - ра - шы.

Көк жұлдызы өзіңнің көз нұрындай
Талай естіп жүрсің ғой сөзді мұндай, құрбым-ау
Жер сияқты әр уақыт сабырлы бол
Бұлтты аспан секілді тез құбылмай.

Қайырмасы:

Ойна күнім, ойна гүлім
Жапырақтай жайнашы.
Жан тербетер қайда жырың
Сандуғаштай сайрашы.

Жүрсең туған өлкенің ой қырында
Жүрсең орман, таулардың қойнында.
Есіңе алсаң болғаны ұмытпай бір,
Елеп мені думанды той жиында.

Қайда жүрсем қалқатай есімдесің
Өтті қанша өзіңсіз есіл кешім.
Ақ тілекпен алыстан армандайтын
Болшы менің елжіреп ескерушім.